

№4 хаттама

Байқау комиссиясының отырысы

«Дарын» мектеп-лицейі» КММ педагогтардың бос лауазымдарға тағайындалуы туралы 2025 жылғы 18 желтоқсан

Қатысқандар: барлығы

Қатыспағандар: 0

Комиссия төрағасы: Д.С.Тастанов, оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары

Комиссия мүшелері:

А.К.Кабиденов – тарих мұғалімі, тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары

Ю.В.Васильченко – оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары, ағылшын тілі мұғалімі

С.А.Жусупова – оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары, бастауыш сынып мұғалімі

Л.Н.Колайдова – оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары, бастауыш сынып мұғалімі

Н.В.Меньшенина – хатшы, профильдік оқыту жөніндегі директордың орынбасары

Күн тәртібі:

1. Педагогтардың бос вакансиясына арналған құжаттарды қарастыру

2. Байқау нәтижелері

Комиссия хатшысы Меньшенина Наталья Владиславна **сөз сөйледі**. Ол 2025 жылғы 1–10 желтоқсан аралығында біздің мектептен бос вакансияларды толтыру үшін байқау жарияланғанын хабарлады. Аталған байқау «Ұлттық білім беру деректер базасы» арқылы жарияланған.

Содан кейін Наталья Владиславна комиссия мүшелеріне мектеп сайтына алдын ала орналастырылған бос лауазымдардың тізімін оқып берді.

Педагогтарға қажеттілік:

№	Лауазым атауы	Апталық оқу жүктемесі	Бос лауазымдағы мерзім
1	Орыс тілі мұғалімі	1 мөлшерлеме	Негізгі қызметкердің декреттік демалысы кезеңіндегі уақытша бос лауазым
2	Математика мұғалімі	1 мөлшерлеме	Бос орын

Одан әрі Наталья Владиславна вакантты лауазымдар туралы деректерге сәйкес білім беру ұйымына педагогтердің 3 портфолиосы түскенін хабарлады. Оның екеуі «Ұлттық білім беру деректер базасы» сайты арқылы, ал біреуі орыс тілі пәні мұғалімінің қағаз нұсқасындағы портфолиосы екені айтылды.

Оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары Васильченко Юлия Викторовна сөз сөйлеп, орыс тілі пәнінің екі мұғалімі — Тастанова Разия Амангельдыевна мен Котова Юлия Сергеевна декреттік демалысқа шығуды жоспарлап отырғанын, соған байланысты мектепте екі бос жұмыс орнына

қажеттілік туындағанын хабарлады. Бұған дейін орыс тілі мұғалімі лауазымына конкурс жарияланған, алайда үміткерлер болмағандықтан, конкурс өтпей қалған.

Аталған конкурсқа орыс тілі мұғалімі лауазымына барлығы екі үміткер қатысқан: Чирва Виталий Евгеньевич және Кислюк Вероника Васильевна. Виталий Евгеньевич қазіргі таңда «Токушинская мектеп-гимназиясы» КММ-де әлеуметтік педагог болып жұмыс істейді. Телефон арқылы сөйлесу барысында педагог жеке жағдайларға байланысты қалаға көшуден бас тартқанын білдірген, осыған орай аталған кандидатура конкурсқа қатысудан алынды.

Одан кейін Юлия Викторовна екінші үміткер — СҚУ түлегі Кислюк Вероника Васильевнаның портфолиосын таныстырды. Ол «Краснознаменская орта мектебі» КММ-де 2 жылдан астам еңбек өтіліне ие. Портфолиосында мазмұн талаптарына сәйкес барлық қажетті құжаттар мен анықтамалар, сондай-ақ оқушылардың және өзінің жетістіктері ұсынылған. Сонымен қатар педагогтың пәндік курстар мен цифрлық технологиялар бойынша сертификаттары бар.

Жалпы балл: 8,5.

Комиссия мүшелерінің қарауына Кислюк Вероника Васильевнаны орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің уақытша вакантты лауазымына тағайындау туралы ұсыныс енгізілді.

Комиссия төрағасы Тастанов Дамир Сейдинович **сөз сөйлеп**, математика пәні мұғалімі лауазымына Нурмуханова Мадина Бегжановна тарапынан портфолио жүктелгенін, құжаттары талаптарға сәйкес келетінін және мектеп онымен еңбек шартын жасасуға дайын болғанын хабарлады. Алайда белгісіз себептермен педагог байланысқа шықпаған, өтініште көрсетілген телефон нөмірі арқылы хабарласу мүмкін болмаған. Осыған байланысты математика пәні мұғалімінің вакантты лауазымын иеленуге арналған конкурсты өтпеді деп тануды ұсынды.

Шешті:




1. Вакантты лауазымдарға педагогті бекітіп, еңбек шартын жасасу үшін үміткерді шақыру.

№	Лауазым атауы	Үміткердің аты-жөні
1.	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі	Кислюк Вероника Васильевна

2. Вакантты лауазымдарға — математика пәні мұғалімі және орыс тілі пәні мұғалімі лауазымдарына қайта конкурс жариялау.

3. Конкурс қорытындыларын мектептің ресми сайтында жариялау.

Комиссия төрағасы

 Д.С.Тастанов
 Ю.В.Васильченко
 А.К.Кабиденов
 С.А.Жусупова
 Л.Н.Колайдова

Хатшы

 Н.В.Меньшенина